



**«Qazaqstan Investment Corporation»
акционерлік қоғамы**

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған
жыл үшін шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

Пайда немесе шығын

және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп 9

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 10

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп 11

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп 12-13

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер 14-82



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Қазақстан, А25D6T5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Қазақстан, А25D6T5, Алматы,
Достық даңғылы, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының Акционеріне және Директорлар кеңесіне арналған

Пікір

Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының (әрі қарай, «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Топтың 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.



Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері-бұл біздің кәсіби пікірімізге сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер жеке қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша активтерді бағалау

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 11 және 25-ескертпелерді қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтердің үлесі Топ активтерінің жалпы шамасында 65% құрайды. Осы активтердің әділ құнын бағалау тұрақты негізде жүргізіледі және елеулі бақыланбайтын деректерге қатысты пайдаланылатын жорамалдарға сезімтал. Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтердің едәуір көлеміне және соған байланысты пайымдаулар мен бағалаудың белгісіздігіне байланысты бұл сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қаралады.	Біз ХҚЕС (IFRS) 13 қаржылық есептілік стандартына сәйкес активтердің әділ құнын бағалау үшін Топ қолданатын әдістеме мен саясаттың негізгі аспектілерін талдадық. Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын активтерге қатысты Топ қолданатын кәсіби пайымдаулар мен жорамалдардың барабарлығын талдау үшін біз мынадай рәсімдерді жүргіздік: - Біз Топ қолданатын үлестік және қарыздық инвестициялардың әділ құнын бағалау әдістерінің негізділігі мен дәйектілігін тексердік. Біз Топ пайдаланған бағалау әдіснамасы мен болжамдарын талдау үшін бағалау бойынша мамандарымызды және қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша мамандарды іріктемелік негізде қатыстырдық. - Біз Топтың бухгалтерлік есеп деректерін сәйкесінше олардың басшылығы мен басқарушы серіктестерінен алынған растау хаттарына жауаптармен салыстыру арқылы портфельдік компаниялар мен жеке капитал қорларының капиталындағы Топтың үлесін растадық. - Біз портфельдік компаниялардың Топ алдындағы негізгі борышының өтелмеген сомасын Топтың бухгалтерлік есеп деректерін олардың басшылығынан алынған растау хаттарына жауаптармен салыстыру арқылы растадық. - Әділ құны опциондарды ескере отырып бағаланатын портфельдік компанияларға Топтың үлестік инвестициялары үшін біз дисконтталған ақша ағынының есептеулерін опциондық келісімдер деректерімен салыстырдық және дисконттау мөлшерлемелерін капиталдың орташа



	өлшенген құнын меншікті бағалау негізінде қайта есептедік. - Олар бойынша әлеуетті өзгеріс шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі ықпалын тигізе алатын DCF модельдер көмегімен әділ құны бағаланатын Топтың портфельдік компанияларына үлестік инвестициялар үшін біз EBITDA-ның болжамды сату көлемін, бағасын, өзіндік құнын, жалпы кірістілігін және кірістілігін тарихи деректермен салыстырдық, болжамдардың тарихи дәлдігін бағаладық, оларды қаржылық есептілік деректері бойынша нақты нәтижелермен салыстырдық. Біз Топ қолданған болжамдарды сыртқы көздерден алынған салалық, қаржылық және экономикалық деректермен салыстырдық. - Жеке капиталдың портфельдік қорларына Топтың үлестік инвестициялары үшін біз қорлардың бас серіктестерінің тиісті қорлардың таза активтерінің құны және Топтың меншік үлесі туралы есептерінің өзекті деректері негізінде әділ құнды қайта есептедік. Біз сондай-ақ Топтың тиісті қорлардың таза активтерінің құнын түзету үшін пайдаланған болжамдарын сыни тұрғыдан бағаладық. - Топтың борыштық инвестициялары үшін біз ақша қаражаттарының дисконтталған ағынының есептеулерін қарыз шарттарының деректерімен салыстырдық және дисконттау мөлшерлемелерін ол үшін есептелген кредиттік рейтинг негізінде әрбір қарыз алушы үшін кредиттік тәуекел үшін өз маржасын бағалау негізінде қайта есептедік. Біз сондай-ақ әділ құны бойынша бағаланатын активтерді бағалауға қатысты ақпаратты ашудың дұрыстығы мен толықтығын бағаладық, оның өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.
--	--



Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат жылдық есепке енетін ақпаратты қамтиды, бірақ басқа ақпаратқа шоғырландырылған қаржылық есептілік пен шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлардың есебі енбейді. Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлардың есебінің күнінен кейін ұсынылады.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оқу және басқа ақпаратты оқу барысында оның шоғырландырылған қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізбен елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрмаланған болып көрінуін қарастыру.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін Топ басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Топты жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланмағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.



АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсаттысыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін мекемелердің қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі іскерлік әрекеттерге қатысты жеткілікті, тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз топтық аудитті бағыттау, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.



Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке ашып көрсету заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған немесе қандай да бір мәселенің біздің есебімізде хабарлануының жағымсыз салдарлары қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде жорамалданғандықтан мұндай мәселе біздің есепте хабарланбауы тиіс деп анықтаған өте сирек жағдайлардан басқа кезде осы мәселелерді біздің аудиторлардың есебінде сипаттаймыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:




Лытов С. И.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2023 жылдың 20 желтоқсанда берілген
№ МФ-0001870 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №00000021



Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

2025 жылғы 28 ақпаны

	Ескертпе	2024 ж. мың теңге	2023 ж. мың теңге
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	5	13,029,401	12,287,407
Өзге пайыздық кірістер	5	2,119,909	1,816,072
Пайыздық шығыстар	5	(1,162,786)	(1,136,482)
Таза пайыздық кіріс		13,986,524	12,966,997
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалатын операциялардан болған таза шығыс	25	(7,009,435)	(20,810)
Дивидендтік кірістер		400,721	108,153
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза пайда / (шығын)	9	4,609,877	(88,106)
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша берілген қарыздарды бастапқы тану кезіндегі шығыстар	12	(1,977,370)	(1,822,442)
Инвестициялық Қаржы активтерімен жасалатын операциялардан таза (шығын)/пайда		(20,190)	162,728
Мемлекеттік субсидияларды пайдаланудан түсетін кірістер	15	192,385	223,942
Басқа таза операциялық кірістер, нетто		33,077	196,989
Операциялық кірістер		10,215,589	11,727,451
Қаржы активтерінің құнсыздануына арналған резерв	4	(216,932)	(548,793)
Персоналға жұмсалатын шығыстар	6	(1,882,931)	(1,616,614)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	7	(2,561,587)	(2,135,336)
Салық салынғанға дейінгі пайда		5,554,139	7,426,708
Табыс салығы бойынша шығыс	8	(2,433,816)	(3,604,081)
Жыл ішіндегі пайда		3,120,323	3,822,627
Басқа жиынтық табыс/(шығын)			
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау жөніндегі резерв:			
- табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі		(290,209)	41,060
Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі басқа жиынтық (шығын)/табыс		(290,209)	41,060
Бір жылдағы жиынтық табыстың барлығы		2,830,114	3,863,687

*Салыстырмалы деректердің өзгеруіне қатысты ақпаратты 2(е) ескертпеден қараңыз.

9-82 беттерде ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2025 жылдың 28 ақпанында мақұлдады және оның атынан қол қойды:

Тимур Бегулиев
Басқарма төрағасының орынбасары



Раухан Куттыбаева
Бас бухгалтер

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

	Ескертпе	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге*
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10	38,928,100	68,953,306
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер	11	207,015,453	173,272,063
<i>Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар</i>		66,868,426	64,545,153
<i>Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар</i>		38,617,149	31,907,356
<i>Үлестік құралдар</i>		48,108,727	56,687,825
<i>Қарыз құралдары</i>		53,421,151	20,131,729
Клиенттерге берілген қарыздар	12	23,550,256	15,991,978
Инвестициялық қаржылық активтер	13	47,854,365	8,696,596
Ағымдағы салық активі		-	121,908
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер		248,912	246,278
Басқа активтер		30,341	29,810
Барлық активтер		317,627,427	267,311,939
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	50,405,943	50,155,972
Мемлекеттік субсидиялар	15	1,193,219	1,888,569
Ағымдағы салық міндеттемесі		492,431	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	8	663,303	587,836
Басқа міндеттемелер	16	1,192,794	1,153,904
Барлық міндеттемелер		53,947,690	53,786,281
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	17	197,761,730	147,761,730
Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау жөніндегі резерв		(390,298)	(100,089)
Бөлінбеген пайда		66,308,305	65,864,017
Барлық меншікті капитал		263,679,737	213,525,658
Барлық міндеттемелер мен меншікті капитал		317,627,427	267,311,939

*Салыстырмалы деректердің өзгеруіне қатысты ақпаратты 2(е) ескертпеден қараңыз.

	2024 ж. мың теңге	2023 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Пайыздық кірістер	11,378,975	11,898,710
Төленген пайыздар	(912,213)	(961,371)
Алынған дивидендтер	400,721	108,153
Персоналға төленген шығыстар	(1,569,995)	(1,471,519)
Төленген жалпы және әкімшілік шығыстар	(2,617,007)	(1,926,090)
Өзге түсімдер	93,130	295,587
Операциялық активтердің (ұлғайту)/азайту		
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер	(40,417,891)	(2,129,580)
Клиенттерге берілген қарыздар	(7,070,735)	(12,340,449)
Операциялық міндеттемелерді ұлғайту/(азайту)		
Басқа міндеттемелер	(41,224)	52,007
Табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағыны	(40,756,239)	(6,474,552)
Төленген табыс салығы	(1,718,923)	(3,967,979)
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағыны	(42,475,162)	(10,442,531)
 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Инвестициялық қаржы активтерін сатып алу	(61,287,381)	(5,308,546)
Инвестициялық қаржы активтерін өтеу	25,149,191	607,740
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып	(69,895)	(39,087)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағыны	(36,208,085)	(4,739,893)
 ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Төленген дивидендтер (17(б) ескертпе)	(2,676,035)	(1,775,718)
Жай акциялар эмиссиясы (17 (А) ескертпе)	50,000,000	35,000,000
Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза ағыны	47,323,965	33,224,282
 Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза (азаюы)/ұлғаюы	(31,359,282)	18,041,858
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	68,953,306	50,809,859
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері	1,334,076	101,589
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары (10-ескертпе)	38,928,100	68,953,306

мың теңге	Акционерлік капитал	Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау жөніндегі резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	147,761,730	(100,089)	65,864,017	213,525,658
Жиынтық табыс				
Жыл ішіндегі пайда	-	-	3,120,323	3,120,323
Өзге де жиынтық кіріс				
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>				
<i>Табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі</i>	-	(290,209)	-	(290,209)
Бір жылдағы жиынтық табыстың барлығы	-	(290,209)	3,120,323	2,830,114
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар				
Жарияланған және төленген дивидендтер (17(б) ескертпе)	-	-	(2,676,035)	(2,676,035)
Жай акциялар эмиссиясы (17(А) ескертпе)	50,000,000	-	-	50,000,000
Меншік иелерімен бір жылдағы барлық операциялар	50,000,000	-	(2,676,035)	47,323,965
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	197,761,730	(390,298)	66,308,305	263,679,737

мың теңге	Акционерлік капитал	Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау жөніндегі резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	112,761,730	(141,149)	63,817,108	176,437,689
Жиынтық табыс				
Жыл ішіндегі пайда	-	-	3,822,627	3,822,627
Өзге де жиынтық кіріс				
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>				
<i>Табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі</i>	-	41,060	-	41,060
Бір жылдағы жиынтық табыстың барлығы	-	41,060	3,822,627	3,863,687
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар				
Жарияланған және төленген дивидендтер (17(б) ескертпе)	-		(1,775,718)	(1,775,718)
Жай акциялар эмиссиясы (17(А) ескертпе)	35,000,000	-	-	35,000,000
Меншік иелерімен бір жылдағы барлық операциялар	35,000,000	-	(1,775,718)	33,224,282
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	147,761,730	(100,089)	65,864,017	213,525,658

1 Есеп беретін кәсіпорын

(а) Ұйымдық құрылымы және қызметі

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ (бұрын – «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ) (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігі және оның еншілес кәсіпорындарының қаржылық есептілігі (бұдан әрі – бірлесіп «Топ» деп аталады) кіреді.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам ретінде 2007 жылғы 7 наурызда құрды. Мемлекеттік мүлік комитетінің № 516 қаулысына және қаржы Министрлігінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 630 бұйрығына сәйкес барлық акциялар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ берілді. Топтың түпкілікті негізгі акционері - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

2023 жылғы 10 қаңтарда «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жалғыз акционердің шешімі бойынша «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ атауын өзгертті («Бәйтерек» қлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 57/22 хаттамасы).

Компания Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а ғимарат мекенжайы бойынша тіркелген.

Топтың негізгі қызметі - инвестициялық қорларды құру және оған қатысу және қаржы құралдарына инвестициялау.

Негізгі еншілес кәсіпорындар:

Атауы	Мекеме елі	Негізгі қызметі	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«Baiterek Venture Fund» АҚ*	Қазақстан	Жеке капиталды тарта отырып жобаларға салынған инвестициялар	100.00	100.00
«BV Management» ЖШС**	Қазақстан	Инвестициялық портфельді басқару	100.00	100.00
Kazyna Seriktes B.V.***	Нидерланды	Қорларға инвестициялар	100.00	100.00
KCM Sustainable Development Fund C. V. (Kazyna seriktes B. V еншілес кәсіпорны)****	Нидерланды	Қорларға инвестициялар	100.00	100.00
ЖК «BGlobal Ventures Ltd.»*****	Қазақстан	Технологиялық кәсіпкерлік және технологияларды дамыту салаларында оқыту және өзге де іс шараларды ұйымдастыру және өткізу	100.00	100.00

*«Baiterek Venture Fund» АҚ Топтың Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 23 наурыздағы шешімімен құрылды.

**2018 жылдың қараша айында «BV Management» ЖШС-тың «Baiterek Venture Fund» АҚ еншілес компаниясынан 100% үлесі сатып алынды.

***2018 жылғы маусымда тікелей инвестициялар қорлары мен MRIF CASP C.V. және Kazyna Investment Holding Cooperatief U.A шетелдік еншілес компанияларын қайта құрылымдау жүргізілді. Топтың активтерін Нидерланды аумағында тіркелген Топтың 100% еншілес ұйымы болып табылатын (SPV) Kazyna Seriktes B. V. арнайы мақсаттағы компаниясына беру бойынша қажетті іс-шаралар өткізілді. 10 тікелей инвестициялар қорының активтері берілді (Falah Growth Fund L.P., Ресей-Қазақстан нанотехнология қоры, Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund L.P., Kazakhstan Infrastructure Fund C. V., ADM Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V., Kazakhstan Growth Fund L.P., DBK Equity Fund C.V., Wolfensohn Capital Partners L.P., CITIC Kazyna Investment Fund I L.P. және Islamic Infrastructure Fund L.P.). Инвестицияларды қайта ұйымдастыру Топтың қаржылық тиімділігін арттыру мақсатында жүргізілді.

**** 2019 жылдың 12 сәуірінде KCM Sustainable Development Fund C.V. (Топтың еншілес кәсіпорны) жеке капитал қорын құру туралы келісімге қол қойылды. Kazyna Seriktes B.V. 99.9% иелену үлесі бар жауапкершілігі шектеулі серіктес, ал «BV Management» ЖШС 0.01% иелену үлесі бар бас серіктес болып табылады.

*****2022 жылғы 15 желтоқсанда Топтың Директорлар кеңесі «BGlobal Ventures Ltd.» ЖК еншілес компаниясын құру туралы шешім қабылдады.

«BV Management» ЖШС және «BGlobal Ventures Ltd.» ЖК еншілес компаниялары Топпен шоғырландырылмайды, өйткені олар (жеке және жиынтықта) Топтың қаржылық жағдайы, қызметінің қаржылық нәтижелері және ақша қаражаттарының ағындары үшін, олар шоғырландырылғанына немесе әділ құны бойынша есепке алынғанына қарамастан, маңызды емес болып табылады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10 ХҚЕС (IFRS) сәйкес Компания 95% иелену үлесі бар Kazakhstan Infrastructure Fund C.V еншілес кәсіпорын болып табылмайтынын анықтады, өйткені Компания Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. бақыламайды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. 95% иелену үлесі бар компанияның еншілес кәсіпорны болып табылмады.

(б) Қазақстанда қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Топтың қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Топтың бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктеріне тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады.

Қазақстандық теңгенің құнсыздануы және әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттырады.

2022 жылдың ақпанында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты бірқатар елдер Ресей Федерациясына қарсы санкциялар енгізді. Қақтығыстың әсері екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, жаһандық экономикаға да әсер етеді. Санкцияларды енгізу нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат пен азық-түлік тауарларының бағасы өсті, ресурстарды жеткізу арасындағы белгіленген байланыстар бұзылды, бағаларға инфляциялық әсер байқалады, сарапшылар әлемдік өнеркәсіп үшін экономикалық салдарды да болжайды.

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Топ басшылығының Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттарының Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне көзқарасын көрсетеді. Болашақ экономикалық жағдайлардың нақты әсері олардың басшылығының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2 Есепке алу негіздері

(а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы өтініш

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС стандарттары») сәйкес дайындалды.

(б) Құнды анықтауға арналған база

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтерді, Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтерді қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалған.

(в) Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Функционалды валюта - Топ өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық ортаның валютасы. Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының функционалды валютасы теңге болып табылады. Егер негізгі экономикалық ортаның көрсеткіштері аралас болса, онда басшылық өзінің кәсіби пікірлерін функционалды валютаны анықтау үшін пайдаланады, бұл Топ жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін жағдайлар мен оқиғаларды дәл көрсетеді. Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының инвестициялары мен операцияларының едәуір бөлігі теңгемен көрсетілген.

Инвесторлардың акцияларды сатып алғаны және сатып алғаны үшін төлем де теңгемен жүзеге асырылады. Тиісінше, Топ басшылығы Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының функционалды валютасы теңге болып табылатынын анықтады. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенді.

(г) Кәсіби пайымдауларды қолдану

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы Топтың есеп саясатын қолдануға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың мөлшеріне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдар мен есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалар және олардың негізінде жатқан жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған шамаларға неғұрлым елеулі әсер еткен есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған пайымдаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде ашылады:

- ХКЕС (IAS) 28 сәйкес венчурлік инвестицияларға маманданған ұйымның мәртебесі және еншілес кәсіпорындарды шоғырландыру периметрі - 3(a)(iii) және 11-ескертпелер;
- өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтердің әділ құнын есептеу кезінде пайдаланылатын бағалау әдістерінің орындылығы - 25-ескертпе;
- қаржы активтерінің жіктелуі: қаржы активтері ұсталатын бизнес-модельді бағалау және қаржы активінің шарттық талаптары тек қана негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген қалдығына пайыздарды төлеуді көздейтінін бағалау - 3(e)(i) ескертпе;
- нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша берілген қарыздарды бастапқы тану - 11 және 12-ескертпелер;
- бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғайғанын анықтау өлшемшарттарын, сондай-ақ дефолтты тану өлшемшарттарын белгілеу - 4-ескертпе.

(д) Болжамдар мен бағалаудың белгісіздігі

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте деректердің елеулі түзетуіне себеп болуы мүмкін деген елеулі тәуекел бар белгісіздікке байланысты болжамдар мен бағалаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде ашылған:

- өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құнын айқындау - 11 және 25-ескертпелер;

- қаржы құралдарының құнсыздануы-күтілетін кредиттік залалдарды бағалау моделі үшін бастапқы деректерді айқындау, оның ішінде болжамды ақпаратты қосу - 4-ескертпе.

(е) Салыстырмалы деректерді ұсыну

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы және жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында Топ басшылығы шешім қабылдады:

- қорды басқару жөніндегі шығыстарды «Басқа таза операциялық кірістер/(шығыстар), нетто» бабынан пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің «Жалпы және әкімшілік шығыстар» бабына қайта жіктеу. 2024 және 2023 жылдардағы қорларды басқару бойынша шығыстар KCM Sustainable Development Fund C.V.-тың ӨӨДТ және АӨК бағдарламалары бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін ақша қаражатын басқару жөніндегі бас әріптес болып табылатын «BV Management» ЖШС-пен жасалған шарты бойынша танылды;
- Әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістерді «Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалатын операциялардан таза залал» деген баптан пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің «Өзге пайыздық кірістер» жеке бабына қайта жіктеу;
- «Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер» бабының «Өзге қаржы активтері» деген кіші бабы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің «Үлестік құралдар» және «Қарыз құралдары» деген жекелеген кіші баптарына бөлу.

Қайта жіктеу деректері Топтың 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға салық салғанға дейінгі пайдасына әсер еткен жоқ. Топ басшылығы ағымдағы презентация шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін ең қолайлы деп санайды.

Келесі кестеде көрсетілген өзгерістердің әсері келтірілген:

	Өзгерістерге дейін	Өзгерістердің әсері	Өзгерістерден кейін
мың теңге			
2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп			
Басқа таза операциялық кірістер/(шығыстар), нетто	(422,382)	619,371	196,989
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(1,515,965)	(619,371)	(2,135,336)
Өзге пайыздық кірістер	-	1,816,072	1,816,072
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалатын операциялардан болған таза залал	1,795,262	(1,816,072)	(20,810)
Барлығы	(143,085)	-	(143,085)
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп			
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер			
- Өзге қаржы активтері	76,819,554	(76,819,554)	-
- Үлестік құралдар	-	56,687,825	56,687,825
- Қарыз құралдары	-	20,131,729	20,131,729
Барлығы	76,819,554	-	76,819,554

3 Есеп саясатының маңызды ережелері

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге және барлық еншілес ұйымдарға есеп саясатының келесі ережелерін дәйекті түрде қолданды.

(a) Шоғырландыру принциптері

(i) *Бизнесті біріктіру бойынша мәмілелер*

Бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелер сатып алу күніндегі жағдай бойынша, атап айтқанда бақылау Топқа ауысқан күн бойынша сатып алу әдісімен ескеріледі.

Топ гудвилді сатып алу күніне келесідей бағалайды:

- берілген өтемнің әділ құны; плюс
- сатып алынатын кәсіпорындағы танылған бақылаусыз үлестің сомасы; плюс
- егер бизнесті біріктіру жөніндегі мәміле кезең-кезеңімен жүзеге асырылса, сатып алынған кәсіпорынның меншікті капиталындағы бұрыннан бар үлестің әділ құны; минус
- нетто-қабылданған міндеттемелерді шегергендегі сәйкестендірілетін сатып алынған активтердің танылған сомаларының шамасы (әдетте әділ құны).

Егер бұл айырмашылық теріс мәнмен көрсетілсе, онда пайдалы сатып алудан түскен табыс кезеңдегі пайда немесе залалдың бөлігі ретінде бірден танылады.

Берілген өтемнің құрамына бұрын болған қатынастарды реттеуге қатысты сомалар енгізілмейді. Мұндай сомалар жалпы жағдайда кезең ішіндегі пайда немесе залал ретінде танылады.

Бизнесті біріктіру операциясы нәтижесінде Топ шеккен мәмілелер бойынша шығындар, қарыз немесе үлестік бағалы қағаздарды шығаруға байланысты шығындардан айырмашылығы, олар туындаған кезде шығындарға жатады.

Топты бақылайтын акционердің бақылауындағы кәсіпорындардағы үлестерді беру нәтижесінде туындайтын бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелер сатып алынған активтер мен міндеттемелер Топтың бақылаушы акционерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген олардың бұрынғы баланстық құны бойынша танылатындай етіп есепке алынады.

(ii) *Еншілес кәсіпорындар*

Топ бақылайтын кәсіпорындар еншілес болып табылады. Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табысқа байланысты тәуекелдерге ұшыраған немесе осындай табыс алуға құқығы бар және осы кірістің шамасына ықпал ету мақсатында осы кәсіпорынға қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған кезде еншілес кәсіпорынды бақылайды. Еншілес кәсіпорындардың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің көрсеткіштері бақылауды алған күннен бастап оның тоқтатылған күніне дейін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамында көрсетіледі.

Шоғырландыруға кіретін Топтың еншілес ұйымдары өз қызметін әртүрлі портфельдік компанияларға инвестициялау бойынша міндеттемелерді инвестициялайтын және қабылдайтын кәсіпорындар ретінде жүзеге асырады.

Топ портфельдік компанияларға жеке компаниялардың листингтік және листингтік емес үлестік қаржы құралдарын сатып алу немесе сол компанияларға қарыздық қаржыландыру беру арқылы инвестиция салады. Портфельдік компаниялар ақшалай сыйақы төлей алады немесе Топ ұстайтын қарыз құралдар бойынша ақшалай емес нысанда сыйақы есептей алады немесе тиісті келісімдердің талаптарына сәйкес борыштық міндеттемелерді өтей алады.

Портфельдік компаниялардың операциялық қызметінің нәтижелері негізінде Топқа дивидендтер төленуі мүмкін. Дивидендтер төлеу туралы шешім тиісті портфельдік Компанияның Директорлар кеңесінің өз қалауы бойынша қабылданады.

(iii) Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесі

Ассоциациялар-бұл Топтың қаржылық және экономикалық саясатына айтарлықтай әсер ететін, бірақ Топ бақыламайтын кәсіпорындар. Егер Топ басқа кәсіпорында дауыс беру құқығының 20% - дан 50% - на дейін иелік етсе, айтарлықтай әсер етеді деп саналады.

Бірлескен кәсіпорындар-бұл Топтың осы объектілердің таза активтеріне құқықтары бар бірлескен бақылауы бар келісімдер объектілері. Топтың бірлескен кәсіпорындардың активтеріне құқығы жоқ және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Топ венчурлік инвестицияларға маманданған ұйым болып табылатын тікелей кәсіпорын (немесе ол арқылы жанама түрде) ұстайтын қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін қолданбауға мүмкіндік беретін ХҚЕС (IAS) 28 ұсынатын босатуды қолданады. Мұндай кәсіпорындар ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға оларда бар инвестицияларды ескеруге құқылы.

Топ венчурлік инвестицияларға мамандандырылған ұйымның мәртебесіне сәйкес келеді деп санайды, себебі Топ мынадай өлшемшарттарға сәйкес келеді:

- Топтың негізгі қызметі-ағымдағы кірісті, капитал құнының өсуінен пайда алу мақсатында қаражатты инвестициялау немесе екеуі де;
- инвестициялар объектілері инвестордан тәуелсіз (дербес) әрекет ететін дербес бизнес-білім беру болып табылады.

Осылайша, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардағы үлестер әділ құн бойынша бағаланатын құралдар ретінде ескеріледі, олардың өзгерістері «Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» ХҚЕС (IAS) 28 көлемінен алып тастауға сәйкес кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(iv) Шоғырландыру кезінде алынып тасталатын (жойылатын) операциялар

Топішілік қалдықтар мен операциялар, сондай-ақ топішілік операциялардан жұмсалмаған кірістер мен шығыстар жойылады. Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар объектілерімен операциялар бойынша іске асырылмаған пайда тиісті инвестициялар объектісіндегі Топтың қатысу үлесі шегінде инвестиция құнын төмендету есебінен жойылады. Іске асырылмаған шығындар іске асырылмаған пайда сияқты тәртіппен жойылады, бірақ олар құнсызданудың дәлелі болғанға дейін ғана.

(б) Шетел валютасы

Шетел валютасындағы операциялар операциялар жасалған күндерде қолданыста болған валюта бағамдары бойынша Топтың құрамына кіретін кәсіпорындардың тиісті функционалдық валюталарына аударылады.

Есепті күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтермен және міндеттемелермен операциялардан түскен пайда немесе залал кезеңнің басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құн, кезең ішінде тиімді пайыздар мен төлемдер мөлшерлемесі бойынша есептелген шамаға түзетілген және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылған шетел валютасындағы амортизацияланған құн арасындағы айырманы білдіреді.

Әділ құн бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құн айқындалған күндерде қолданыста болған валюта бағамдары бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген және нақты шығындар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалар, құнсыздану салдарынан айырма туындаған жағдайларды қоспағанда, үлестік қаржы құралдарын аудару кезінде туындайтын айырмаларды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі, бұл жағдайда басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілген бағамдық айырмалар пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

(в) Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары қолма-қол банкноттар мен монеталарды, банктердегі бос қалдықтарды («Ностро» типті шоттар), сондай-ақ әділ құнның өзгеру қаупі жоқ және Топ қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан аз жоғары өтімді қаржылық активтерді қамтиды. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(г) «Кері репо» мәмілелері

Кері сату келісімдері (бұдан әрі – «кері репо мәмілелері») шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар «Ақша қаражаты және олардың баламалары» бабы бойынша көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, «кері репо» мәмілесінің әрекет ету кезеңінде есептеледі. Егер кері сату міндеттемесі бар сатып алу шарттары бойынша сатып алынған активтер үшінші тұлғаларға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

(д) Пайыздық кірістер мен шығыстар

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» - бұл болашақ есептік ақшалай төлемдерді немесе қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде түсімдерді дисконттайтын мөлшерлеме:

- қаржы активінің жалпы баланстық құнын; немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын айқындау жатады.

Кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Топ осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік шығындарды есепке алмай, ақша қаражатының болашақ ағындарын бағалайды. Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік шығындарды қоса алғанда, ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының шамасын пайдалана отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақылар мен сомаларды қамтиды. Мәміле шығындары қаржы активін сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындарды қамтиды.

2024 жылғы 19 желтоқсанда BIF құрылған Консорциум шеңберінде алғашқы жобаны қаржыландырды - «Ak Zhaiyk Capital» ЖШС агроөнеркәсіптік кәсіпорнын дамыту» - жалпы сомасы 28 млрд.теңгеге (компанияның үлесі 99% - 27,72 млрд. теңге және BVF үлесі - 280 млн. теңге) 15.50% мөлшерлемесімен 2 жыл мерзімге қарыз берілді. Топ осы қарыз бойынша ақша ағындары негізгі борыш пен төленбеген негізгі борышқа есептелген сыйақыны төлеуді ғана білдірмейтінін анықтады. Осылайша, берілген несие SPPI өлшемшартына сәйкес келмейді және оны Топ пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалайды. «Ak Zhaiyk Capital» ЖШС холдингтік компания болып табылады және өсімдік шаруашылығы (дәнді, бұршақ және майлы ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру) бойынша активтерді біріктіреді.

Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын өзге де борыштық қаржы активтері жылдық 8% - дан 15.25% - ға дейінгі номиналды мөлшерлемелері бар клиенттерге берілген қарыздармен ұсынылған. Топ осы қарыздық қаржы құралдары бойынша ақша ағындары тек негізгі қарыздың төлемдері мен төленбеген негізгі қарыздың есептелген сыйақысы ғана емес екенін анықтады. Осылайша, бұл қаржы құралдары SPPI өлшемшартына сәйкес келмейді және Топ пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады. Борыштық қаржы құралдарының әділ құны жылдық 13.70% - дан 18.42% - ға дейінгі нарықтық мөлшерлемелерді пайдалана отырып айқындалды (2023 жылы: жылдық 14.01% - дан 26.67% - ға дейін).

Клиенттерге берілген қарыздар бойынша бастапқы тану күніне нарықтық пайыздық мөлшерлемені айқындауға арналған жорамалдар 12-ескертпеде ашылған.

Осы активтердің әділ құнын бағалау қолданылған бағалау әдістері үшін бастапқы деректер негізінде әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылды. Осы активтердің әділ құнын бағалау кезінде қолданылған бағалау әдістері мен елеулі бақыланбайтын бастапқы деректердің сипаттамасы 25-ескертпеде келтірілген.

Өндеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы (ӨӨДТ)

Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған ӨӨДТ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының қойылған міндеттерін орындау мақсатында әзірленді. Өнеркәсіп секторларында мамандандырылған факторлар мен нарықтық жағдайлар жасау жөніндегі міндеттерді шешу үшін өндеуші өнеркәсіп өндірушілерін мемлекеттік ынталандыру шараларының құралдарын, оның ішінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім шеңберінде пакеттік шешімдерді кеңейту көзделген.

Шағын және орта бизнестің өсуі мен дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту жөніндегі міндеттерді практикалық іске асыру мемлекеттік ынталандыру бағдарламалары мен шараларының атаулылығын кеңейту және арттыру арқылы бизнесті қаржыландыруға қолжетімділікті арттыруға бағытталған шаралар арқылы жүзеге асырылатын болады. Осы тұжырымдаманы іске асыру мақсатында серіктестер жаңа инвестициялық саясат пен серіктестік туралы келісімді бекітті, онда жауапкершілігі шектеулі серіктес 20,000,000 мың теңге мөлшерінде инвестициялаудың жиынтық сомасын жүзеге асыруға тиіс және жауапкершілігі шектеулі серіктестің жарнаны жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесінің үлесі 100% - ға тең.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ӨӨДТ бағдарламасын іске асыру үшін Топтың жарғылық капиталы 35,000,000 мың теңгеге ұлғайтылды (17(а) ескертпе).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялар объектілерінің жарғылық капиталдарына инвестициялар ӨӨДТ бағдарламасын іске асыру үшін берілген номиналды құны 10,874,900 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 6,165,000 мың теңге) инвестицияларды қамтыды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы инвестициялардың әділ құны 7,227,777 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 6,165,000 мың теңге).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген, әділ құны бойынша бағаланатын қарыздарға номиналды құны 16,200,000 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 7,500,000 мың теңге) және ӨӨДТ бағдарламасын іске асыру үшін берілген жылдық 8% пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар кірді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қарыздардың әділ құны 14,782,528 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 8,802,395 мың теңге).

2024 жыл ішінде ӨӨДТ бағдарламасы бойынша «Востокмашзавод» ЖШС, «Sleipnir Technologies» ЖШС, «CA International» ЖШС және «Silumin of Qazaqstan» ЖШС сомасы 14,409,900 мың теңге (2023 жыл ішінде: «Қазполиграф» ЖШС, «Talas Investment Company» ЖШС, «Alit Holding» ЖШС, «КаспиМұнайКапитал», «Қазақстан ыстық мырыштау зауыты» ЖШС және «Қазақстан құбыр жүйелері» ЖШС сомасы 13,665,000 мың теңге) ақшалай қаражат берілді.

12 Клиенттерге берілген қарыздар

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қарыздар	20,431,865	16,716,223
Күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резерві	(853,928)	(724,245)
Барлығы	19,577,937	15,991,978
РОСІ-активтер		
«Green Capital Kazakhstan» ЖШС	3,972,319	-
Барлығы РОСІ-активтер	3,972,319	-
Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қарыздардың жиыны	23,550,256	15,991,978

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта клиенттерге берілген қарыздар бойынша өтелмеген қалдықтар болған жоқ, олар меншікті капиталдың 10% - дан асады (2023 жылғы 31 желтоқсан: клиенттерге берілген қарыздар бойынша өтелмеген қалдықтар болған жоқ, олар меншікті капиталдың 10% - дан асады).

2024 жыл ішінде Топ клиенттерге жылдық 8% - дан 16% - ға дейінгі сыйақы мөлшерлемелерімен және 2029-2032 жылдары өтеу мерзімімен 10,648,972 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. Бастапқы тану кезінде бұл қарыздар жылдық 13.68% - дан 16.95% - ға дейінгі дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін пайдалана отырып, қарыздар бойынша шарттық ақша ағындарын дисконттау жолымен есептелген әділ құн бойынша танылды. Топ бастапқы тану кезінде 2,480,343 мың теңге мөлшерінде дисконт түріндегі залалды және 502,973 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидияны пайдаланудан түскен табысты мойындады (15-ескертпе). Номиналды құны 4,100,000 мың теңге және жылдық 10.75% пайыздық мөлшерлеменен «Green Capital Kazakhstan» ЖШС берген қарыз бойынша 502,973 мың теңге мөлшеріндегі табыс танылды. Қарыз «Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы» бағдарламасы негізінде әзірленген агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) инвестициялық жобаларын қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасының шарттарына сәйкес берілді. Бұл қарыз бастапқы тану кезінде 14.25% дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін қолдана отырып, әділ құн бойынша көрсетілді.

2023 жыл ішінде Топ клиенттерге жылдық 8% - дан 12.06% - ға дейінгі сыйақы мөлшерлемелерімен және 2024-2030 жылдары өтеу мерзімімен 12,937,000 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. Бастапқы тану кезінде бұл қарыздар жылдық 12.95% - дан 16.15% - ға дейінгі дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін пайдалана отырып, қарыздар бойынша шарттық ақша ағындарын дисконттау жолымен есептелген әділ құн бойынша танылды. Топ бастапқы тану кезінде 2,054,791 мың теңге мөлшерінде дисконт түріндегі залалды және 232,349 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидияны пайдаланудан түскен табысты мойындады (15-ескертпе). «Altai Mai» ЖШС берген қарыз бойынша номиналды құны 4,000,000 мың теңге және жылдық 10.8% пайыздық мөлшерлеменен 232,349 мың теңге мөлшеріндегі табыс танылды. Қарыз «Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы» бағдарламасы негізінде әзірленген агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) инвестициялық жобаларын қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасының шарттарына сәйкес берілді. Бұл қарыз бастапқы тану кезінде 13.66% дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін қолдана отырып, әділ құн бойынша көрсетілді.

Топ берілген қарыздарды бастапқы тану күніндегі нарықтық пайыздық мөлшерлемені анықтау үшін келесі болжамдарды қолданды:

- тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған ұзақ мерзімді облигациялардың кірістілігі негізінде айқындалды;
- кредиттік тәуекел үшін тиісті саланың сыйлықақысы.

Төмендегі кестелерде клиенттерге берілген заемдар бойынша кезеңнің басында және соңында күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервінің қалдықтарын салыстыру келтірілген:

	2024 ж.		
	Кредиттік-құнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар		
мың теңге	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар (1-кезең)	Күтілетін кредиттік залалдар (2-кезең)	Барлығы
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	313,465	410,780	724,245
1-кезеңге ауыстыру	26,608	(26,608)	-
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резервінің таза өзгерісі	86,695	42,988	129,683
Есепті кезеңнің соңындағы сальдо	426,768	427,160	853,928

	2023 ж.		
	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар (1-кезең)	Кредиттік- құнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар (2- кезең)	Барлығы
мың теңге			
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	170,773	-	170,773
2-кезеңге ауыстыру	(80,284)	80,284	-
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резервінің таза өзгерісі	222,976	330,496	553,472
Есепті кезеңнің соңындағы сальдо	313,465	410,780	724,245

Осы кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде жер учаскелері ұсынылды, жылжымайтын мүлік немесе осы кредиттер BB+ - тен B+ - ке дейінгі кредиттік рейтингі бар сақтандыру ұйымдарымен сақтандырылды.

2024 жыл ішінде қаржылық жағдайдың жақсаруына байланысты қарыздардың баланстық құны 444,449 мың теңгеге бір қарыз алушы кредиттік тәуекелдің 2-кезеңінен 1-кезеңіне ауыстырылды, бұл күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервінің одан әрі 105,045 мың теңгеге төмендеуіне әкеп соқтырды.

2023 жыл ішінде қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты қарыздардың жалпы баланстық құны 1,885,461 болатын екі қарыз алушы кредиттік тәуекелдің 1-кезеңінен 2-кезеңіне ауыстырылды, бұл күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервін одан әрі 330,496 мың теңгеге ұлғайтуға алып келді.

Өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы (ӨӨДТ)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қарыздар ӨӨДТ бағдарламасын іске асыру үшін берілген номиналды құны 5,355,000 мың теңге және жылдық 8% пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздарды қамтыды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қарыздар ӨӨДТ бағдарламасын іске асыру үшін берілген номиналды құны 6,375,000 мың теңге және жылдық 8% пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздарды қамтыды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қарыздардың амортизацияланған құны 4,414,044 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 4,708,130 мың теңге).

2024 жыл ішінде ӨӨДТ бағдарламасы бойынша CA-International ЖШС 780,000 мың теңге сомасына (2023 жыл ішінде: «Қазақстандық ыстық мырыштау зауыты» ЖШС, «Қазақстандық құбыр жүйелері» ЖШС және «Vehicles Almaty» ЖШС 6,375,000 мың теңге сомасына) ақша қаражаты берілді.

13 Инвестициялық қаржылық активтер

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестициялық қарыз құралдары	42,334,142	430,751
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық қарыз құралдары	5,468,996	8,192,773
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестициялық қарыз құралдары	51,227	73,072
Инвестициялық қаржы активтерінің жиыны	47,854,365	8,696,596

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері		
«Қазақстан даму банкі» АҚ	18,589,319	-
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	7,903,984	-
«ҚазМұнайГаз» ҰК « АҚ	7,712,546	-
«Теңізшевройл» ЖШС	7,654,626	-
ҚР ҚАРЖЫМИН	473,667	430,751
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтерінің барлығы	42,334,142	430,751

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша басқа жиынтық табыс арқылы ескерілетін инвестициялық қарыз құралдары кредиттік тәуекелдің 1-кезеңіне жатады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв 181,659 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: резерв елеулі емес және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмеген).

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері		
«Home Credit Bank» АҚ	2,162,168	2,150,155
ҚР ҚАРЖЫМИН	-	2,217,821
ЕАДБ	-	1,009,685
Барлығы	2,162,168	5,377,661
РОСІ-активтер		
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	3,306,828	2,815,112
Барлығы РОСІ-активтер	3,306,828	2,815,112
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтерінің барлығы	5,468,996	8,192,773

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық қарыз құралдары бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған құралдарға қатысты «First Heartland Jusan Bank» АҚ облигацияларын қоспағанда, кредиттік тәуекелдің 1-кезеңіне жатады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв елеулі емес және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмеген.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын инвестициялық қарыз құралдары 2032 жылға дейінгі өтеу мерзімі және 0.01% номиналды мөлшерлемесі бар корпоративтік облигациялармен ұсынылды.

14 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған 40,150,736 мың теңге мөлшеріндегі борыштық бағалы қағаздар (2023 жылғы 31 желтоқсан: 40,150,736 мың теңге) талап етілгенге дейін өтеу мерзімі бар және жылдық 0.01% купондық сыйақысы бар белгіленбеген облигациялармен ұсынылған. Облигациялардың жалпы айналым мерзімі-15 жыл. Тартылған ақшалай қаражат «АстанаГаз ҚМГ» АҚ қатысу үлесінің 50% сатып алуға бағытталды (11-ескертпе).

Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде Топтың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 маусымдағы шешімімен (№10/21 хаттама) жалпы сомасы 33,700,000 мың теңгеге екі траншпен облигациялар шығару шарттары бекітілді. 2021 жылғы 27 қазанда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен Топ арасында қазақстандық қор биржасында айналыс мерзімі 10 жыл және жылдық 7.1% белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен 12,800,000 мың теңге сомасына бірінші транш шеңберінде Топтың облигацияларын сатып алу-сату бойынша мәміле жүзеге асырылды. Осы міндеттемелер бойынша тиімді мөлшерлеме жылдық 11.76% құрады. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелердің баланстық құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10,255,207 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 10,005,236 мың теңге).

15 Мемлекеттік субсидиялар

	2024 ж. мың теңге	2023 ж. мың теңге
Жыл басындағы қалдық	1,888,569	2,344,860
Мемлекеттік субсидияны пайдалану	(502,973)	(945,041)
Мемлекеттік субсидия бойынша міндеттемені ұлғайту	-	712,692
Мемлекеттік субсидияның амортизациясы	(192,385)	(223,942)
Жыл соңындағы қалдық	1,193,211	1,888,569

Топ «Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында облигациялар шығару арқылы берілген пайда сомасын мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттеме ретінде көрсетті (14-ескертпе). Топ қарыздар бойынша сыйақының төмен мөлшерлемесін белгілеу арқылы түпкілікті қарыз алушылар алдында пайданы бөлу жөніндегі міндеттемені көтереді.

2024 жыл ішінде Топ «Green Capital Kazakhstan» ЖШС қаржыландыру бойынша 502,673 мың теңге сомасына мемлекеттік субсидияны пайдалануды көрсетті.

2023 жыл ішінде Топ «Прима Кус» ЖШС қаржыландыру бойынша 712,692 мың теңге сомасына мемлекеттік субсидияны пайдалануды көрсетті, бірақ кейіннен осы инвестициядан мерзімінен бұрын шығуына байланысты сол сомаға мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелерді ұлғайтты.

16 Басқа міндеттемелер

	2024 ж. мың теңге	2023 ж. мың теңге
Кредиторларға берешек	784,531	741,200
Қызметкерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер	325,033	251,285
Басқа да салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	30,280	105,783
Басқа міндеттемелер	52,950	55,636
Барлығы	1,192,794	1,153,904

17 Акционерлік капитал

(а) Шығарылған капитал

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталға 55,000,000 жай акциялар кіреді (2023 жылғы 31 желтоқсан: 55,000,000). Шығарылған және төленген акционерлік капитал 53,635,003 жай акциялардан тұрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 53,585,003).

Бас компания 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 29 тамыздағы шешіміне (№10/24 хаттама) сәйкес жалпы құны 50,000,000 мың теңге болатын 50,000 қарапайым акцияны орналастырды. Бір акцияның номиналды құны 1,000,000 теңгені құрады.

Бас компания 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 23 ақпандағы шешіміне (№02/23 хаттама) сәйкес жалпы құны 35,000,000 мың теңге болатын 35,000 қарапайым акцияны орналастырды. Бір акцияның номиналды құны 1,000,000 теңгені құрады.

Акционерлік капиталдың өзгеру тарихы:

2022 жылы номиналды құны 5,000,000,000 теңге болатын 1 қарапайым акция орналастырылды.

2021 жылы еншілес кәсіпорындардың акцияларын сатып алумен байланысты номиналды құны 19,269,423,000 теңге және тиісінше 1,052,307,000 теңге болатын 2 қарапайым акцияны орналастыру туралы шешім қабылданды.

2014 жылы номиналды құны 40,000 теңге болатын 500,000 қарапайым акция орналастырылды.

2013 жылы номиналды құны 40,000 теңге болатын 10,000 қарапайым акция орналастырылды.

2009 жылы Бас компания номиналды құны 1,000 теңге болатын 52,040,000 қарапайым акцияны, сондай-ақ номиналды құны 15,000 теңге болатын 1,000,000 қарапайым акцияны орналастырды.

Қарапайым акциялардың иелері жарияланған кезде дивидендтер алуға құқылы, сонымен қатар бас компания акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында бір акцияға бір дауыс беруге құқылы.

(б) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлерінің Бас компанияның резервтерін бөлу құқығы ХҚЕС стандарттарына сәйкес дайындалған қаржылық есептілікте көрсетілген бөлінбеген пайда мөлшерімен немесе жинақталған шығын болған жағдайда, егер таза кірісті бөлу Бас компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе төлем қабілетсіздігіне әкеп соқпаса немесе меншікті капитал мөлшері Бас компания бөлу нәтижесінде теріс болып қалса, ағымдағы жылдағы таза пайда сомасымен шектеледі. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есепті күндегі жағдай бойынша бөлуге қолжетімді қаражаттың жалпы көлемі 67,676,399 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 68,198,199 мың теңге).

2024 жыл ішінде 2,676,035 мың теңге мөлшерінде дивидендтер жарияланды және төленді, бұл бір акцияға 49.94 теңгені құрады (2023 жылы: 1,775,718 мың теңге мөлшерінде дивидендтер жарияланды және төленді, бұл бір акцияға 33.14 теңгені құрады).

(в) Қарапайым акциялардың баланстық құны

Қазақстандық қор биржасындағы листинг қағидаларына сәйкес Топ қарапайым акциялардың баланстық құнын ашады:

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың. теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Қарапайым акциялардың баланстық құны	4.91	3.98

2024 жылғы 31 желтоқсандағы қарапайым акцияның баланстық құнын есептеу Топ үшінші тараптарға өткізе алмайтын материалдық емес активтер сомасына азайтылған шоғырландырылған капитал сомасы ретінде айналыстағы қарапайым акциялар санына 53,635,003 (2023 жылғы 31 желтоқсан: 213,373,693 мың теңге) бөлінген 263,502,801 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 213,373,693 мың теңге) сомасында жүргізіледі: 53,585,003 акция).

18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару

Тәуекелдерді басқару Топ қызметінің негізі және Топтың операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Топ өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдері болып табылады.

(a) Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері

Топтың тәуекелдерді басқару саясаты Топ ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайдың өзгеруін және пайда болған үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты.

Басқарма тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды мониторингтеу және енгізу үшін жауапты болады, сондай-ақ Топтың тәуекелдердің белгіленген шегінде қызметті жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекелдер қызметі басшысының міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және есеп беру бойынша жалпы қағидаттар мен әдістердің қолданылуын бақылауды жүзеге асыру кіреді. Ол тікелей Басқарма төрағасына және жанама түрде Директорлар кеңесіне есеп береді.

Сыртқы және ішкі қауіп факторлары Топ ішінде анықталады және басқарылады.

(b) Нарықтық тәуекел.

Нарықтық тәуекел-бұл нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру қаупі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру қаупінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және нақты өзгерістерге және нарықтық бағалар мен валюта бағамдарының құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне әсер ететін пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті нарықтық тәуекелге ұшыраудың қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, қолайлы параметрлер шеңберінен шықпауын басқару және бақылау болып табылады.

(i) Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру қаупі.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі-бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Топқа нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуы оның қаржылық жағдайы мен ақша ағындарына әсер етеді. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін жоғарылатуы мүмкін, бірақ олар оны төмендетуі мүмкін немесе пайыздық мөлшерлемелер күтпеген жағдайда шығындарға әкелуі мүмкін.

Келесі кесте 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелерді көрсетеді.

Орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелер

Осы сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеуге шамамен кірістілікті көрсетеді.

	2024 ж.		2023 ж.	
	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %		Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %	
	Теңге	АҚШ доллары	Теңге	АҚШ доллары
Пайыздық активтер				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	14.85	1.43	14.26	0.72
Өзгерістері кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша:				
- қарыз құралдары	16.65	-	15.66	-
Клиенттерге берілген қарыздар	14.66	-	14.75	-
Инвестициялық қаржылық активтер	6.54	4.49	7.58	4.3
Пайыздық міндеттемелер				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	8.10	-	11.8	-

Пайыздық мөлшерлемелердің (2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін позициялар және пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту немесе төмендету бағытында 100 базистік пунктке кірістілік қисықтарының параллель ығысуының жеңілдетілген сценарийі негізінде жасалған) өзгеруіне байланысты әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруіне таза пайда немесе залал мен капиталдың сезімталдығын талдау келесідей ұсынылуы мүмкін:

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Мөлшерлемелерді ұлғайту жағына 100 базистік тармаққа параллель жылжу	1,093,302	44,176
Мөлшерлемелерді азайту жағына 100 базистік тармаққа параллель жылжу	(1,158,270)	(53,291)

(ii) Валюталық тәуекел

Топтың бірнеше шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар. Валюталық тәуекел-бұл валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру қаупі. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісіндегі қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымы мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	АҚШ доллары	Еуро	Теңге	Барлығы
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2,812,834	2	36,115,264	38,928,100
Өзгерістері кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша:				
- қарыз құралдары	-	-	53,421,151	53,421,151
Клиенттерге берілген қарыздар	-	-	23,550,256	23,550,256
Инвестициялық қаржылық активтер	42,334,142	-	5,520,223	47,854,365
Өзге қаржы активтері	-	-	3,898	3,898
Барлық қаржылық активтер	45,146,976	2	118,610,792	163,757,770
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	(50,405,943)	(50,405,943)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	(52,746)	(52,746)
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	-	(50,458,689)	(50,458,689)
Таза позиция	45,146,976	2	68,152,103	113,299,081

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісіндегі қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымы мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	АҚШ доллары	Еуро	Теңге	Барлығы
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	12,349,659	45	56,603,602	68,953,306
Өзгерістері кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша:				
- қарыз құралдары	-	-	20,131,729	20,131,729
Клиенттерге берілген қарыздар	-	-	15,991,978	15,991,978
Инвестициялық қаржылық активтер	2,648,571	-	6,048,025	8,696,596
Өзге қаржы активтері	-	-	5,130	5,130
Барлық қаржылық активтер	14,998,230	45	98,780,464	113,778,739
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	(50,155,972)	(50,155,972)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	(10,396)	(10,396)
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	-	(50,166,368)	(50,166,368)
Таза позиция	14,998,230	45	48,614,096	63,612,371

Теңге бағамының төмендеуі, келесі кестеде көрсетілгендей, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларына қатысты бұдан әрі сипатталған меншікті капиталдың және пайданың немесе залалдың ұлғаюына әкеп соқтырады (теңге бағамының өсуі – меншікті капиталдың және пайданың немесе залалдың азаюы):

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
Теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының 20% өсуі	7,223,516	2,399,717

Бұл талдау салықтарды шегергенде жүргізілді және Топтың көзқарасы бойынша есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізді мүмкін болатын валюта бағамдарының өзгеруіне негізделген. Талдау барлық басқа айнымалылар, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады дегенді білдіреді.

(в) Басқа баға тәуекелдері

Басқа баға тәуекелдері дегеніміз - мұндай өзгерістер белгілі бір құралға немесе оның эмитентіне тән факторларға немесе нарықтағы барлық ұқсас қаржы құралдарына әсер ететін факторларға байланысты болған-болмағанына қарамастан, бұл нарықтық бағаның (сыйақы мөлшерлемесінің немесе валюталық тәуекелдің өзгеру тәуекелінің әсерінен туындаған өзгерістерден басқа) өзгеруі нәтижесінде әділ құнның ауытқуы немесе қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының тәуекелдері. Басқа баға тәуекелдері Топтың тікелей инвестициялар қорларына салған инвестицияларына байланысты пайда болады, олардың бағасы осындай тікелей инвестициялар қорларының артында тұрған компанияларды бағалауға негізделген.

Топ ұзақ мерзімді перспективада олардың өсуінен пайда алу үшін осындай қаржылық активтерге инвестиция салады. Барлық инвестициялар капиталды жоғалту қаупін тудырады. Барлық жеке капитал қорлары және оларға тиісті инвестициялар аталған инвестициялар жасалатын экономика салаларына тән тәуекелдерге ұшырайды. Сонымен қатар, аталған инвестициялар үшін қалыптасқан нарықтар жоқ, сондықтан олар өтімді емес болып саналады.

Топ негізінен баға тәуекелдерін төмендету мәселелерінде жеке капитал қорларының басшылығына сүйенеді. Жеке капитал қорларының басшылығы инвестициялау туралы шешім қабылдағанға дейін шаруашылық және операциялық мәмілелерді мұқият іріктеу және талдау арқылы аталған тәуекелдерді азайтады және тиісті компаниялардың басшылығымен үнемі байланыста болады. Тоқсанына бір рет Топ жеке капитал қорлары басшылығы қызметінің нәтижелері туралы есеп алады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топқа 2024 жылғы 3 тоқсандағы тікелей инвестициялар қоры басшылығы қызметінің нәтижелері туралы осы есептер қолжетімді.

Меншікті капиталдың және пайданың немесе залалдың түзетілген таза активтерінің шамасына байланысты жеке капитал қорларына салынған инвестициялардың әділ құнының өзгеруіне сезімталдығы туралы ақпарат 25-ескертпеде келтірілген.

(г) Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел-бұл қарыз алушының немесе Топтың контрагентінің міндеттемелерді орындамауынан туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі. Топ кредиттік тәуекелді (танылған қаржы активтері және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) кредиттік тәуекелді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы, сондай-ақ функцияларына кредиттік тәуекелдің белсенді мониторингі кіретін инвестициялық комитет құру арқылы басқарады. Инвестициялық саясатты Басқарма қарайды және бекітеді.

Кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі, әдетте, олар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы активтерінің құнында және танылмаған шарттық міндеттемелер сомасында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі ықтимал кредиттік тәуекелді төмендету үшін маңызды емес. Есепті күндегі жағдай бойынша қаржы активтеріне қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2024 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және олардың баламалары	38,928,100	68,953,306
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер	-	-
- қарыз құралдары	53,421,151	20,131,729
Клиенттерге берілген қарыздар	23,550,256	15,991,978
Инвестициялық қаржылық активтер	47,854,365	8,696,596
Өзге қаржы активтері	3,898	5,130
Тәуекелдің барлық максималды деңгейі	163,757,770	113,778,739

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Бұдан әрі кестелерде келтірілген ақпаратты ашу қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпаратты қамтиды:

- Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынады; немесе
- қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынғанына қарамастан, ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын заңды түрде жарамды өзара есеп айырысу туралы бас келісімнің немесе ұқсас келісімдердің мәні болып табылады.

Ұқсас келісімдерге туынды құралдарды клирингтік келісімдер, «РЕПО» мәмілелеріне арналған жаһандық бас келісімдер және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы жаһандық бас келісімдер жатады. Ұқсас қаржы құралдарына туынды қаржы құралдары, «РЕПО» мәмілелері, «кері РЕПО» мәмілелері, қарыз алу және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы келісімдер жатады. Қарыздар мен депозиттер сияқты қаржы құралдары туралы ақпарат қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есептелген жағдайларды қоспағанда, бұдан әрі кестелерде ашылмайды.

Бұрын аталған своп және туынды қаржы құралдары дилерлерінің халықаралық қауымдастығының (ISDA) өзара есеп айырысу туралы бас келісімдері және осыған ұқсас өзара есеп айырысу туралы бас келісімдер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есеп айырысу өлшемшарттарына сәйкес келмейді. Себебі, олар Топтың немесе оның контрагенттерінің дефолты, төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы жағдайында ғана заңды болып табылатын танылған сомаларды өзара есепке алу құқығын қалыптастырады. Сонымен қатар, Топ пен оның контрагенттері қарызды өзара есеп айырысу арқылы шешуге немесе активті іске асыруға және міндеттемені бір уақытта орындауға ниетті емес.

Бұдан әрі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің нысанасы болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер көрсетілген:

	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есептелген танылған қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің толық сомалары	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте есептелмеген тиісті сомалар		
мың теңге	Танылған қаржы активтерінің / қаржылық міндеттемелердің толық сомалары	есептелген танылған қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің толық сомалары	ан есепте қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржы құралдары (ақшалай емес қамтамасыз етуді қоса алғанда)	Ақшалай қамтамасыз ету (алынған)/ кепілге берілген
Қаржы активтерінің/міндеттемелерінің түрлері					Таза сома
Қаржылық активтер					
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз «кері РЕПО» мәмілелері	32,396,504	-	32,396,504	32,396,504	-

Бұдан әрі кестеде өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер берілген:

	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есептелген танылған қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің толық сомалары	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте есептелмеген тиісті сомалар		
мың теңге	Танылған қаржы активтерінің / қаржылық міндеттемелердің толық сомалары	есептелген танылған қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің толық сомалары	ан есепте қаржы активтерінің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржы құралдары (ақшалай емес қамтамасыз етуді қоса алғанда)	Ақшалай қамтамасыз ету (алынған)/ кепілге берілген
Қаржы активтерінің/міндеттемелерінің түрлері					Таза сома
Қаржылық активтер					
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз «кері РЕПО» мәмілелері	38,073,443	-	38,073,443	38,073,443	-

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған және жоғарыдағы кестелерде ашылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің толық сомалары және олардың таза сомалары қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте мынадай негізде бағаланады:

- «РЕПО» мәмілелерінің, «кері РЕПО» мәмілелерінің, бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдердің нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелер – амортизацияланған құн.

(д) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі-бұл Топтың қаржылық міндеттемелерді орындауда қиындықтарға тап болу қаупі, ол бойынша есеп айырысу ақша қаражатын немесе басқа қаржылық активті беру арқылы жүзеге асырылады. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде пайда болады. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері мен сыйақы мөлшерлемелері бойынша сәйкестік және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі сәті болып табылады. Жүргізілетін операциялардың әртүрлілігіне және соған байланысты белгісіздікке байланысты активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды. Мұндай сәйкессіздік операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, бірақ шығындар қаупін арттырады. Топ өтеу мерзімдері басталған кезде барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаражаттың тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару саясатын Басқарма қарайды және бекітеді.

Топ міндеттемелермен байланысты және белсенді нарықта тізімделмеген, сондықтан өтімді емес деп саналатын жеке капитал қорларына инвестиция салады. Топ байланысты міндеттемелерге сәйкес, жеке капитал қорлары міндеттемелерді орындауды талап ете алады, тиісті хабарлама мерзімі орта есеппен 10 күнді құрайды. Мұндай талаптардың мөлшері кез-келген уақытта қолда бар ақша қаражаттары мен олардың баламаларынан асып кетуі мүмкін.

Төмендегі кестеде шарттық дисконтталмаған төлемдер негізінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімдері көрсетілген:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жаылдан бастап және одан да көп	Барлық түсім/(жұм салым)	Баланстық құны
Туынды емес міндеттемелер						
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(40,150,736)	(908,800)	(3,635,200)	(15,526,400)	(60,221,136)	(50,405,943)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(52,746)	-	-	-	(52,746)	(52,746)
Барлық міндеттемелер	(40,203,482)	(908,800)	(3,635,200)	(15,526,400)	(60,273,882)	(50,458,689)
Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер	(7,004,784)	-	-	-	(7,004,784)	-

Төмендегі кестеде шарттық дисконтталмаған төлемдер негізінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімдері көрсетілген:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жаылдан бастап және одан да көп	Барлық түсім/(жұм салым)	Баланстық құны
Туынды емес міндеттемелер						
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(40,150,736)	(908,800)	(3,635,200)	(15,526,400)	(60,221,136)	(50,155,972)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(10,396)	-	-	-	(10,396)	(10,396)
Барлық міндеттемелер	(40,161,132)	(908,800)	(3,635,200)	(15,526,400)	(60,231,532)	(50,166,368)
Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер	(11,159,266)	-	-	-	(11,159,266)	-

Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер үшін шартты міндеттеменің ең жоғары сомасы шартты міндеттемені орындау туралы талап түсуі мүмкін ең ерте кезеңге жатқызылады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін өтеу немесе қалпына келтіру мерзімдері бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелерді талдау келесідей ұсынылуы мүмкін:

	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 және одан да көп жыл	Өтеу мерзімі жоқ	Баланстық құны
мың теңге								
Туынды емес қаржылық активтер.								
Ақша қаражаттары және олардың баламалары*	38,928,100	-	-	-	-	-	-	38,928,100
Өзгерістері кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша:								
-Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	-	-	-	-	-	-	66,868,426	66,868,426
-Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	-	-	-	-	-	-	38,617,149	38,617,149
-Үлестік құралдар	-	-	-	-	-	-	48,108,727	48,108,727
- Қарыз құралдары	183,855	332,895	1,322,040	2,037,790	47,977,348	1,567,223	-	53,421,151
Клиенттерге берілген қарыздар	222,224	711,852	1,355,937	2,798,330	15,367,333	3,094,581	-	23,550,257
Инвестициялық қаржылық активтер	-	-	10,561,820	2,162,168	8,025,821	27,104,556	-	47,854,365
Өзге қаржы активтері	3,898	-	-	-	-	-	-	3,898
Барлық активтер	39,338,077	1,044,747	13,239,797	6,998,288	71,370,502	31,766,360	153,594,302	317,352,073
Туынды емес қаржылық міндеттемелер								
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(40,150,736)	-	-	(159,040)	-	(10,096,167)	-	(50,405,943)
Мемлекеттік субсидиялар	-	-	-	-	-	(1,193,219)	-	(1,193,219)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(52,746)	-	-	-	-	-	-	(52,746)
Барлық міндеттемелер	(40,203,482)	-	-	(159,040)	-	(11,289,386)	-	(51,651,908)
Танылған қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бойынша өтімділіктің таза алшақтығы	(865,405)	1,044,747	13,239,797	6,839,248	71,370,502	20,476,974	153,594,302	265,700,165
Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер	7,004,784	-	-	-	-	-	-	7,004,784

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін өтеу немесе қалпына келтіру мерзімдері бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелерді талдау келесідей ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 және одан да көп жыл	Өтеу мерзімі жоқ	Баланстық құны
Туынды емес қаржылық активтер.								
Ақша қаражаттары және олардың баламалары*	61,345,396	1,500,732	45,456	6,061,722	-	-	-	68,953,306
Өзгерістері кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша:								
-Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	-	-	-	-	-	-	64,545,153	64,545,153
-Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	-	-	-	-	-	-	31,907,356	31,907,356
-Үлестік құралдар	-	-	-	-	-	-	56,687,825	56,687,825
- Қарыз құралдары	-	331,178	1,572,271	1,555,923	13,676,422	2,995,935	-	20,131,729
Клиенттерге берілген қарыздар	111,946	113,866	168,754	71,676	10,581,294	4,944,442	-	15,991,978
Инвестициялық қаржылық активтер	-	-	-	3,227,506	2,150,155	3,318,935	-	8,696,596
Өзге қаржы активтері	5,130	-	-	-	-	-	-	5,130
Барлық активтер	61,462,472	1,945,776	1,786,481	10,916,827	26,407,871	11,259,312	153,140,334	266,919,073
Туынды емес қаржылық міндеттемелер								
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(40,150,736)	-	-	(159,040)	-	(9,846,196)	-	(50,155,972)
Мемлекеттік субсидиялар	-	-	-	-	-	(1,888,569)	-	(1,888,569)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(10,396)	-	-	-	-	-	-	(10,396)
Барлық міндеттемелер	(40,161,132)	-	-	(159,040)	-	(11,734,765)	-	(52,054,937)
Танылған қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бойынша өтімділіктің таза алшақтығы	21,301,340	1,945,776	1,786,481	10,757,787	26,407,871	(475,453)	153,140,334	214,864,136
